# 2011 жылға арналған аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы

## *Күшін жойған*

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы N 59/2 қаулысы. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 02 наурызда N 12-12-102 тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Успен аудандық әкімі аппаратының 2014 жылғы 26 тамыздағы N 1-18/555 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты ( Павлодар облысы Успен аудандық әкімі аппаратының 26.08.2014 N 1-18/555 хатымен).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес Успен ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау бойынша комиссия құрамы бекітілсін (одан әрі - Комиссия). Комиссия отырысы ай сайын өткізілсін.

2. Әлеуметтік төлемге құқығы бар азаматтардың санаттары:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерең еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Социалистік Кеңес Одағы Республикаларының ордендерімен және медалдерімен марапатталған тұлғалар, Ұлы Отан соғысы жылдарында кем дегенде 6 ай  жұмыс істегендер, ресми мәртебесі бар тұлғалар;

3) қайтыс болған соғыс мүгедектері және олармен теңестірілген мүгедектердің екінші рет тұрмыс құрмаған әйелдері (күйеулері);

4) қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын жұмыстағы азаматтардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" және "Блокададағы Ленинград тұрғыны" медалімен марапатталған, жалпы аурудың салдарынан, еңбектік жарымжандығынан мүгедек болып танылғандар және басқа да себептермен екінші рет тұрмыс құрмаған әйелдері (күйеулері);

5) 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін саналған осы кезеңдерге сәйкес қалалаларда, қорғанысқа қатысқан, қызмет ететін армияның бөлімдерінде әскери қызметкерлер үшін белгіленген, қызмет еткен жылдарына жеңілдік беретін жағдайдағы зейнетақы тағайындау үшін, Совет Армиясының және Әскери-теңіз флотының өз еркімен жалданбалы құрамындағы тұлғалар, Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскер және ішкі істер органында, бұрынғы Социалистік Кеңес Одағы Республикаларының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының тұлғалары, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі армияның құрамына кіретін, әскери бөлімнің, штабтың, мекемелердің штаттық лауазымда болғандар;

6) бұрынғы Социалистік Кеңес Одағы Республикаларын қорғағанда алған, әскери қызметтегі басқа да міндеттерін атқарған кезде немесе майданда болғанына байланысты, шалдыққан ауруы бар, әскери қызметкерлер, жарақаты бар, контузияның, жарымжандығының себебінен мүгедек болған ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органының құрамына кіретін қатардағы және басқарушы тұлғалар;

7) Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің (қайтыс болғандардың, хабарсыз кеткендердің) екінші рет тұрмыс құрмаған жесірлері;

8) Ауған соғысында қаза болған жауынгерлердің ата-аналары,екінші рет тұрмыс құрмаған әйелі (күйеуі);

9) Ауған соғысының мүгедектері және қатысушылары, сонымен бірге басқа мемлекеттің аймағында болған басқа шайқастық қызметтерге қатысқандар;

10) Чернобыль атом электростанциясындағы апатты жоюға қатысқандар;

11) бейбітшілік уақытында әскери қызметін өтеу кезеңінде қаза болған ( қайтыс болған) әскери қызметкердің отбасына;

12) республикалық маңыздағы дербес зейнеткерлер;

13) қысылтаяң жағдайға тап болған (өрт, бір айдан ұзаққа созылған ауру немесе басқа да), жан басына шаққанда табысы ең аз күнкөріс деңгейінен төмен тұлғалар;

14) жалғызбасты мүгедектер;

15) ең аз көлеміндегі зейнетақы алатын зейнеткерлер;

16) Қазақстан Республикасы бекіткен зейнетақы төлемін жасына байланысты толық көлемде алмайтын, бірақ зейнетақының ең төменгі мөлшерінен аспайтын зейнетақысы бар азаматтар;

17) жасына байланысты мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы алатын азаматтар;

18) "Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Бөлім) есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар;

19) бөлімнің есебінде тұрған жұмыссыздарды қайтыс болған кезде жерлейтін

тұлғалар;

20) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;

21) аз қамтамасыз етілген отбасының және жан басына шаққанда кірісі облыс бойынша белгіленген күнкөрістік шаманың (тиісті жылдың 2 тоқсаны) көлемінен аспайтын отбасылардың студенттері және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (мемлекеттік білім грантына ие болу конкурсынан өте алмаған) жетімдер, сонымен бірге облыс әкімінің грантымен облыстың жоғары оқу орындарында оқуларын жалғастырушы студенттер;

22) үш жақты келісім шарт бойынша оқитын студенттер;

23) 2011 жылы оқу бітірген, Успен ауданына жұмыс істеу үшін келген, жоғары және арнайы орта медициналық және педагогикалық оқу орындарының түлектері;

24) ауданға жұмыс үшін жаңадан келген дәрігерлер;

26) туберкулез ауруына шалдыққан тұлғалар;

26) онкологиялық ауруыға шалдыққан тұлғалар;

27) 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар;

28) аз қамтамасыз етілген отбасының және жан басына шаққанда кірісі облыс бойынша белгіленген күнкөрістік шаманың көлемінен аспайтын қолдан тамақтандырылатын, 1 жасқа дейінгі балалар;

29) 2010 жылы әлеуметтік көмекке ресімделген, 2011 жылы 1 жасқа толатын, қолдан тамақтандырылатын, 1 жасқа дейінгі балалар;

30) жүктілігі 12 аптаға дейінгі мерзімдегі жүкті әйелдер;

31) ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, балалар;

32) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери қызметін өтеп келгендер;

33) облыс бойынша белгіленген күнкөрістік шаманың көлемінен аспайтын аз қамтамасыз етілген азаматтар;

34) кірісі Қазақстан Республикасында бекітілген кедейлік шегінен аспайтын, аз қамтамасыз етілген азаматтар;

35) денсаулық сақтау департаментімен тексеруге, емделуге жіберілген ауру балалар;

36) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқасымен марапатталған өзімен бірге тұратын, төрт және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар, көп балалы аналар.

3. Әлеуметтік көмек алу үшін әрбір санат бойынша осы қаулының 2 тармағында көрсетілген келесі құжаттарды, Бөлімге ұсыну қажет:

1) тармақша 1) көрсетілген, санаттар үшін ай сайын – дәрі-дәрмек сатып алуға және тұрғын үй–коммуналдық қызметтерді төлеуге, мерзімді басылымдарға жазылу, жолақысына әр тоқсан сайын материалдық көмек, 9

мамырға біржолғы материалдық көмек, жөндеу жұмыстарына біржолғы материалдық көмек үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімі ұсынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасы Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТТН) көрсетілген тізім;

2) тармақшалар 1), 3), 4), 6), 9) көрсетілген санаттар үшін тісті протездеуге арналған біржолғы материалдық төлемақы үшін "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасы Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН, әлеуметтік жеке кодының көшірмесі (бұдан әрі - ӘБК), медицина мекемесінен тісті протездеу қажеттілігі туралы анықтама;

3) тармақшалар 8) - 10) көрсетілген санаттар үшін тұрғын үй–коммуналдық қызметтерді төлеуге ай сайын материалдық көмек, дәрі-дәрмек сатып алуға және жолақысына әр тоқсан сайын материалдық көмек, мерзімді басылымдарға жазылуға, 9 мамырға біржолғы материалдық көмек үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім, (СТТН);

4) тармақшалар 8), 9) көрсетілген санаттар үшін әскерлердің Ауғанстаннан шығарылған күніне орай біржолғы материалдық көмек үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы"Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім, (СТТН);

5) тармақшалар 3) - 8), 11) көрсетілген санаттар үшін тұрғын үй – коммуналдық қызметтерді төлеуге ай сайын материалдық көмек, дәрі-дәрмек сатып алуға әр тоқсан сайын материалдық көмек, мерзімді басылымдарға

жазылуға, 9 мамырға бір жолғы материалдық көмек үшін– тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім, (СТТН);

6) тармақша 2) көрсетілген санаттар үшін 9 мамырға біржолғы материалдық көмек үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім, (СТТН);

7) тармақша 12) көрсетілген санаттар үшін жолақысына тоқсан сайын материалдық көмек үшін жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН, ӘБК көшірмелері;

8) тармақша 13) көрсетілген санаттар үшін біржолғы материалдық төлем ақы үшін "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, өрт бөлімінің,медицина мекемесінің және басқа да осыған сәйкес (өрт туралы, сырқат туралы және басқа да) органдардың анықтамасы, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН, ӘБК, отбасы мүшелерінің табысы туралы анықтамалар, ауылдық әкімдіктің учаскелік комиссиясымен ұсынылған, отбасының материалды-тұрмыстық жағдайларын тексеру актісі;

9) тармақша 14) көрсетілген санаттар үшін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін өтеу үшін ай сайынғы материалдық көмек төлеу үшін, қатты отынға біржолғы материалдық көмек үшін – "Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемелекеттік мекемесінің деректер базасына сәйкес тізім, "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім, СТТН;

10) тармақшалар 15) - 17) көрсетілген санаттар үшін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін өтеу үшін ай сайынғы материалдық көмек төлеу үшін – тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы

төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі көрсетілген тізім, " Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім;

11) тармақша 18) көрсетілген санаттар үшін кәсіптік оқудан өту кезеңінде материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, азаматтарды тіркеу кітабы, жеке бас кәулігінің, СТТН, ӘБК, оқу кезеңін растайтын құжат көшірмелері;

12) тармақша 19) көрсетілген санаттар үшін - жерлеуге материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН көшірмесі, қайтыс болғаны туралы кәулік, қайтыс болған кезде есепте тұрған жағдайы туралы бөлімнің анықтамасы, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, ӘБК;

13) тармақша 20) көрсетілген санаттар үшін біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, ӘБК көшірмелері, босатылғаны туралы анықтаманың көшірмесі;

14) тармақша 21) көрсетілген санаттар үшін студенттердің облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуларына төлеу үшін, тұруға, тамақтануға және тұрған жеріне дейінгі жолақысына ай сайынғы әлеуметтік төлемдер үшін – "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген студенттің өтініші, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке бас кәулігінің көшірмесі, СТТН, білім беру қызметтерін көрсетудің келісімшарты, әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының тексеру актісі және жиынтық табысы туралы мәліметтерді оқуды төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау кезінде бір рет ұсынылады;

15) тармақша 22) көрсетілген санаттар үшін – жоғары медициналық оқу орындарындағы студенттердің оқуына төлем ақы төлеу үшін Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке

есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жеке бас куәлігінің, СТТН көшірмелері , Успен ауданының әкімімен, жоғары оқу орынының басшысымен және студенттің қолдары қойылған үш жақты келісімшарт;

16) тармақша 23), 24) көрсетілген санаттар үшін – біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жеке бас куәлігінің, СТТН, ӘБК көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жоғары оқу орнын, арнаулы оқу орнын бітіргені туралы дипломының, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі, жеке еңбек келісім шартының көшірмесі ;

17) тармақша 25) көрсетілген санаттар үшін – амбулаториялық емделудегі науқастарға тамақтану үшін ай сайын материалдық көмек төлеу үшін "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жеке бас куәлігінің, СТТН, ӘБК көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, амбулаториялық емделуін растайтын аурухананың анықтамасы;

18) тармақша 26) көрсетілген санаттар үшін – біржолғы материалдық көмек төлеуге – Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген науқас адамның өтініші, сырқатты растайтын анықтама, жеке куәлігінің, СТТН, ӘБК көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

19) тармақша 27) көрсетілген санаттар үшін 13 жасқа жеткен балаларға біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – компьютерлік техника сатып алу үшін, мүгедек күніне орай біржолғы материалдық көмек үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген ата-анасының біреуінің (қамқоршысының) материалдық көмек тағайындалғаны туралы өтініші, баланың мүгедектігін растайтын құжат, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жеке бас куәлігінің және СТТН көшірмелері, баланың тууы туралы куәліктің көшірмесі, ӘБК көшірмесі;

20) тармақша 28), 29) көрсетілген санаттар үшін – қолдан тамақтандырылатын 1 жасқа дейінгі балаларға ай сайын материалдық көмек төлеу үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген ата-анасының біреуінің

материалдық көмек тағайындалғаны туралы өтініш, баланың қолдан тамақтандырылатынын растайтын құжат, азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі, жеке бас кәулігінің және СТТН, ӘБК көшірмесі, баланың туы туралы кәуліктің көшірмесі, әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының тексеру актісі және жиынтық табысы туралы мәліметтер;

21) тармақша 30 көрсетілген санаттар үшін жүкті әйелдерге 12 аптаға дейін жүктілік мерзімімен есепке қойылған жағдайда біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе " Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, жүктілігін растайтын құжат, азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі, жеке бас кәулігінің және СТТН көшірмелері, ӘБК көшірмесі;

22) тармақша 31 көрсетілген санаттар үшін ай сайын материалдық көмек төлеу үшін – кірісі бекітілген кедейшілік шегінен аспайтын, аз қамтамасыз етілген қамқоршыларға ұсынылған баланың және қамқоршының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, үй мекенжайы, жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, СТТН, ӘБК, отбасының кірісі туралы анықтама;

23) тармақша 32 көрсетілген санаттар үшін біржолғы материалдық көмек төлеу үшін – тегі, аты,әкесінің аты, туған күні,үй мекенжайы, жеке есеп шотының номері көрсетілген өтініш, СТТН көшірмесі, ӘБК көшірмесі, "Успен ауданының қорғаныс істері бөлімі" мемлекеттік мекемесінің анықтамасы;

24) тармақша 33 көрсетілген санаттар үшін қосалқы шаруашылығын дамытуға біржолғы материалдық жәрдемақы төлеу үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген материалдық көмек тағайындалғаны туралы өтініш, азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі, жеке бас кәулігінің және СТТН көшірмелері, ӘБК көшірмесі, отбасы мүшелерінің кірісі туралы анықтама, ауыл әкімдігінің учаскелік комиссиясы ұсынған отбасының материалды-тұрмыстық жағдайларының тексеру актісі;

25) тармақша 34 көрсетілген санаттар үшін – сандық хабар таратуға қосылу үшін біржолғы материалдық көмек төлеу үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген материалдық көмек тағайындалғаны туралы өтініш, азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі, жеке бас кәулігінің және СТТН көшірмелері, ӘБК көшірмесі, отбасы мүшелерінің кірісі туралы анықтама, ауыл әкімдігінің учаскелік комиссиясы ұсынған отбасының материалды-тұрмыстық жағдайларының тексеру актісі;

26) тармақша 35 көрсетілген санаттар үшін – емделуге жіберілген науқас балалардың жолақысына материалдық көмек төлеу үшін - Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы ата-анасының біреуінің жеке есеп шотының номері көрсетілген материалдық көмек тағайындалғаны туралы өтініш, азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі, жеке бас куәлігінің және СТТН көшірмелері, ӘБК көшірмесі, бала туу туралы куәліктің көшірмесі;

27) тармақша 36 көрсетілген санаттар үшін – азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты әр тоқсан сайын материалдық көмек төлеу үшін - тегі, аты, әкесінің аты, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша Мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен алынатын мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатын түрі, "Қазпошта" акционерлік қоғамның пошта бөлімшесіндегі немесе "Қазақстан Республикасының Халық банкі" акционерлік қоғамының филиалындағы жеке есеп шотының номері көрсетілген тізім.

4. "Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік Бағдарламалар бөлімі"мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңымен бекітілген мерзімнен аспайтын мерзімде осы қаулының 2 тармағында көрсетілген азаматтар санатына әлеуметтік төлемдер тағайындасын және түрлер бойынша қызметтер көрсетілсін:

1) тармақша 1) көрсетілген, санаттар үшін тұрғын үй–коммуналдық қызметтерді төлеуге 5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде ай сайын материалдық көмек; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 1 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; факті бойынша жолақысына тоқсан сайын материалдық көмек; мерзімді басылымдарға жазылуға 3 АЕК бойынша біржолғы материалдық көмек; 9 мамырға 20000 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек; тісті протездеуге арналған біржолғы материалдық көмек 21500 теңге көлемінде; жөндеуге 100000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

2) тармақша 2) көрсетілген, санаттар үшін – 9 мамырға 2150 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

3) тармақша 3) - 7) көрсетілген, санаттар үшін – тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін төлеуге 1,5 АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; мерзімді басылымдарға жазылуға 3 АЕК бойынша біржолғы материалдық көмек; 9 мамырға 10750 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек; тісті протездеуге арналған біржолғы материалдық көмек 21500 теңге көлемінде;

4) тармақша 8), 9) көрсетілген, санаттар үшін – тұрғын үй-коммуналдық

қызметтерін төлеуге 1,5 АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; мерзімді басылымдарға жазылуға 3 АЕК бойынша біржолғы материалдық көмек; 9 мамырға 10750 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек; факті бойынша жолақысына тоқсан сайын материалдық көмек; әскерлердің Ауғанстаннан шығарылған күніне орай 10 АЕК біржолғы материалдық көмек;

5) тармақша 10), 11) көрсетілген, санаттар үшін – тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін төлеуге 1,5 АЕК мөлшерінде ай сайын материалдық көмек; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; мерзімді басылымдарға жазылуға 3 АЕК бойынша біржолғы материалдық көмек; 9 мамырға 10750 теңге мөлшерінде біржолғы материалдық көмек; факті бойынша жолақысына тоқсан сайын материалдық көмек;

6) тармақша 12) көрсетілген, санаттар үшін - жолақысына факті бойынша тоқсан сайын материалдық көмек;

7) тармақша 13) көрсетілген, санаттар үшін - қысылтаяң жағдайға тап болғандарға 50000 теңгеден көлемінде біржолғы материалдық көмек;

8) тармақша 14) көрсетілген, санаттар үшін - тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін төлеуге 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; қатты отынды сатып алуға 6 АЕК бойынша біржолғы материалдық көмек;

9) тармақша 15), 16), 17) көрсетілген, санаттар үшін - тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін төлеуге 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек; азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты 2 АЕК бойынша тоқсан сайын материалдық көмек;

10) тармақша 18) көрсетілген, санаттар үшін – кәсіптік оқудан өту кезеңінде 5 АЕК көлемінде бойынша материалдық көмек;

11) тармақша 19) көрсетілген, санаттар үшін – жұмыссыздарды жерлеуге 15 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

12) тармақша 20) көрсетілген, санаттар үшін – 5 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

13) тармақша 21) көрсетілген, санаттар үшін – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында (бұдан әрі – ЖОО) оқу үшін осыған сәйкес оқу орындағы накты оқу төлемі мөлшерінде, оқу кезеңінде ЖОО студенттері үшін - тұруға, тамақтануға және тұрған жеріне дейінгі жолақысына ай сайынғы әлеуметтік төлемдер 7525 теңге мөлшерінде, педагогикалық мамандықтар бойынша оқитындар үшін және медициналық ЖОО оқитындар үшін 10750 теңге;

14) тармақша 22) көрсетілген, санаттар үшін – Қазақстан Республикасының ЖОО оқу үшін осыған сәйкес нақты оқу төлемі мөлшерінде оқу төлемі;

15) тармақша 23) көрсетілген, санаттар үшін – медициналық ЖОО түлектеріне 500000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек,

педагогикалық ЖОО түлектеріне 100000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек, арнайы орта оқу орындарының түлектеріне 50000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

16) тармақша 24) көрсетілген, санаттар үшін – жаңадан келген дәрігерлерге 500000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

17) тармақша 25) көрсетілген, санаттар үшін – жақсы тамақтануға 5 АЕК көлемінде ай сайынғы материалдық көмек;

18) тармақша 26) көрсетілген, санаттар үшін – 10 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

19) тармақша 27) көрсетілген, санаттар үшін – Мүгедектер күніне орай 10000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

20) тармақша 28), 29) көрсетілген, санаттар үшін – бала тамағына 5 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

21) тармақша 30) көрсетілген, санаттар үшін – 5 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

22) тармақша 31) көрсетілген, санаттар үшін – азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты 3 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

23) тармақша 32) көрсетілген, санаттар үшін – 5 АЕК көлемінде біржолғы материалдық көмек;

24) тармақша 33) көрсетілген, санаттар үшін – қосалқы шаруашылығын дамытуға факті бойынша біржолғы материалдық көмек;

25) тармақша 34) көрсетілген, санаттар үшін – сандық хабар таратуға қосылу үшін 22000 теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек;

26) тармақша 35) көрсетілген, санаттар үшін – нақты жолақысы мөлшерінде біржолғы материалдық көмек;

27) тармақша 36) көрсетілген, санаттар үшін – азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты 3 АЕК көлемінде тоқсан сайын материалдық көмек.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енеді және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастар таралады.

6. Әлеуметтік төлемдерді қаржыландыру 2011 жылға арналған аудан бюджетінің шеңберінде жүзеге асырылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Успен ауданы әкімінің орынбасарына А.А. Дисюпова жүктелсін.

*Аудан әкімі* *Н. Әутәліпов*

Успен ауданы әкімдігінің
14 ақпан 2011 жылы N 59/2 қаулысына
қосымша

## Успен ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау бойынша комиссия құрамы

| | |
|---|---|
| Альмира Аманқызы Дисюпова | - Успен ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы; |
| Әсел Темірболатқызы Бижанова | - Успен ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары; |
| Евгений Леонидович Фергалюк | - "Успен ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия хатшысы; |
| **Комиссия мүшелері** | |
| Екатерина Владимировна Цымбал | - "Успен ауданы әкімдігінің экономика бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы; |
| Нұрлан Бахданұлы Сабабаев | - аудандық білім бөлімінің бастығы; |
| Сергей Иванович Саламацкий | - Успен ауылдық округтің әкімі; |
| Сәуле Олжабайқызы Жүніспаева | - "Успен ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы. |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК